

**Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**  
**(АСТАНА, ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ)**  
**МЕН**  
**КОРОЛЬ ФЕЙСАЛ АТЫНДАҒЫ ИСЛАМ ЗЕРТТЕУЛЕР ОРТАЛЫҒЫ**  
**(ЭР-РИЯД, САУД АРАБИЯСЫ КОРОЛЬДІГІ)**  
**АРАСЫНДАҒЫ**  
**ӨЗАРА ТҮСІНІСТІК ТУРАЛЫ МЕМОРАНДУМ**

«Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті» Республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорыны атынан Жарғы негізінде әрекет ететін **Ректор Сыдықов Ерлан Бәтташұлы** бір тараптан және **Король Фейсал атындағы Ислам зерттеулер орталығы** атынан Жарғы негізінде әрекет ететін **Басқарма кеңесінің төрағасы, Жоғары мәртебелі Ханзада Түрки Әл-Фейсал бен Абдул Азиз Әл Сауд** екінші тараптан, әрі қарай «Тараптар», ал жеке түрде «Тарап» деп аталатын, жоғарғы білім, ғылым мен мәдениет аясындағы тікелей және өзара тиімді ынтымақтастықты орнату, оқу, әдістемелік және ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижелілігін арттыру үшін осы Өзара ынтымақтастық туралы меморандумды жасасты (әрі қарай – «Меморандум») және мына төмендегілер туралы келісімге келді:

**1 бап**

Тараптардың арасында өзара түсіністікті қолдау және білім мен ғылыми зерттеу аясында ынтымақтастықты дамыту осы Меморандумның мақсаты болып табылады.

**2 бап**

2.1 Осы Меморандумның мақсатын жүзеге асыру үшін Тараптар бір-бірімен келесі бағыттар бойынша ынтымақтасуға келіседі:

2.1.1 ұзақ мерзімді және қысқа мерзімді тағылымдамадан өту, оқу-өндірістік және ғылыми тәжірибеден өту үшін Тараптарда бар мамандықтар бойынша магистранттар, PhD докторлар, оқытушылар және зерттеушілермен академиялық, кәсіби (зерттеу, дипломалды, педагогикалық) тәжірибелермен алмасу;

2.1.2 біріккен конференциялар, семинарлар, симпозиумдар, дөңгелек үстелдер, Тараптарға арналған күндер мен басқа да ұқсас ғылыми шаралар және білім беру саласындағы өзге де іс-шараларды жүргізу. Біріккен білім беру саласындағы ғылыми жұмыстардың нәтижелері әлемдегі жетекші ақпараттық базаларына кіретін рецензияланған Web of Science, Scopus және т.б. сияқты ғылыми басылымдардағы мақалалар мен публикациялар жариялануы болып табылады.

2.1.3 біріккен жұмыстардың орындалу нәтижесі бойынша бірлескен ғылыми еңбектер мен оқулықтарды жариялау.

2.1.4 ынтымақтастықты жүзеге асыруға қажетті ғылыми ақпаратпен, материалдар және құжаттар, іс-шаралар туралы ақпараттармен алмасу;

2.1.5 егер Тараптардың жарғылық міндеттеріне қайшы келмесе, Тараптардың қызметкерлерін кәсіби қайта даярлау мен біліктілігін арттыру;

2.1.6 ЖОО басқаруда қазіргі әкімшілік әдістерді енгізе отырып, университеттік басқарма мен құрылымдарды жетілдіру үшін әкімшілік құрамды шақыру;

2.1.7 Баннерлермен алмасу, болмаған кезінде Тараптардың сайттарында сілтемелер орналастыру;

2.1.8 Тараптар ұйымдастыратын білім беру аясындағы халықаралық көрмелер мен жәрмеңкелер туралы Тараптарды хабарлау;

2.1.9 визалық қолдау көрсету.

### 3 бап

2 бапта көрсетілген іс-шараларды жүзеге асыру Тараптардың жеке келісімдерімен анықталады.

### 4 бап

Осы Меморандум жобаларын жүзеге асыру үшін қаржыландыру шарттары Тараптардың жеке келісімдерімен анықталады.

Осы Меморандум шеңберіндегі ынтымақтастықтың кез келген түрін жүзеге асыру Тараптардың ықтималды ресурстары мен қаржылық қолдауына байланысты болады.

Тараптар қаржылық әріптестерді, сонымен қатар қорларды тарту мүмкіндігін қарастырады.

### 5 бап

Осы Меморандумға толықтырулар мен өзгертулердің енгізілуі Тараптардың өзара келісімімен, оның ажырамас бөлігі бола алатын және тиісті тәртіпте рәсімделетін, Тараптардың уәкілетті тұлғаларының қол қойған қосымша келісімі арқылы жүзеге асырылады.

### 6 бап

Осы Меморандум шеңберінде ынтымақтаса отырып, Тараптар қатысушы елдердің заңдары мен ережелерін сақтайды.

Меморандум шеңберінде туындайтын даулар Тараптар арасында талқылау және келіссөздер жүргізу негізінде шешіледі.

### 7 бап

Осы Меморандум Тараптар қол қойған сәттен бастап күшіне енеді және бес жыл мерзімінде жарамды. Егер оның тоқтатылуына алты ай қалған мерзімнен кешіктірмей Тараптар күшінің тоқтатылуын талап етпесе, осы Меморандум әрі қарай бес жыл мерзімге автоматты түрде ұзартылады.

8 бап


Осы Меморандум мәтіндері бірдей заңды күшке ие қазақ, араб және ағылшын тілдерінде екі нұсқада жасалды.

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия  
ұлттық университеті

Король Фейсал атындағы Ислам  
зерттеулер орталығы

Ректор Сыдықов Ерлан Бәтташұлы

Басқарма кеңесінің төрағасы,  
Жоғары мәртебелі Ханзада Түрки  
Әл-Фейсал бен Абдул Азиз Әл Сауд



Күні: «19» мамыр 2017 ж.

Күні: «19» мамыр 2017 ж.

010008, Қазақстан Республикасы,  
Астана, Қаныш Сатбаев, 2  
Тел.: +7 7172 709500  
Факс: +7 7172 709457  
E-mail: [enu@enu.kz](mailto:enu@enu.kz)  
Сайт: [www.enu.kz](http://www.enu.kz)

Р.О. Вох: 51049, Сауд Арабия  
Корольдігі, Эр-Рияд 11543  
Тел.: +966114652255  
Факс: +966114659993  
E-mail: [kferis@kferis.com](mailto:kferis@kferis.com)  
Сайт: [www.kferis.com](http://www.kferis.com)